

**«Бірыңғай жинақтаушы  
зейнетақы қоры»  
акционерлік қоғамы**

**Зейнетақы схемасының активтері**

2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілік және  
Тәуелсіз аудитор есебі

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Мазмұны

---

	<b>Беті</b>
2017 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	2-4
2017 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Пайда мен шығындар туралы есеп	5
Таза зейнетақы активтері туралы есеп	6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	7
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп	8
Қаржылық есептілікке ескертпе	9-41

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылдың 31 Желтоқсанына Аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікті Дайындау және Бекіту Жауапкершілігі Туралы Басшылық Мәлімдемесі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») басшылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес зейнетақы схемасы (бұдан әрі – «Схема») активтерінің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сол күні аяқталған жыл іші оның қызметінің нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы мен таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық:

- есептік саясат қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есептік саясат туралы деректердің орындылығын, анықтығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- ҚЕС талаптарын орындау сол немесе өзге мәмілелер, сондай-ақ басқа оқиғалар не талаптар Схеманың қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижесіне әсер еткен есептілікті пайдаланушының түсінуіне жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Схеманың жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Схемадағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеуге, ендіруге және қамтамасыз етуге;
- Схеманың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есепке алу жүйесіне қолдау көрсетуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуге;
- Схеманың активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ықтимал орынды шараларды қабылдауға; және
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты.

Осы 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті Басшылық 2018 жылғы 26 наурызда бекітті.

Басшылық атынан:

Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна  
Басқарма Төрайымы

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

Тулегенова Жанара Қорғанбековна  
Басқарушы директор

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне

### Пікір

Біз 2017 жылғы 31 желтоқсандағы таза зейнетақы активтері туралы есепті, 2017 жыл іші пайда мен шығын туралы есепті, таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша сипаттаудан тұратын ескертепелер қамтыған «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Қор») зейнетақы схемасы активтерінің (бұдан әрі - «Схема») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік Схеманың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар оның 2017 жыл іші қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген "Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету" қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі - «ҚЕС») сәйкес барлық маңызды қатынастарда шынайы көрсетеді.

### Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндетіміз осы есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудитор жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған Халықаралық Әдеп Стандарттары Кеңесінің *Кәсіпқой Бухгалтерлер Әдеп Кодексіне* («Кодекс») және Қазақстан Республикасындағы қаржы есептілігі аудитіне қойылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға тәуелді емеспіз. Сонымен қатар біз осы Кодекс пен талаптарда белгіленген басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті негіз бола алатын аудиторлық дәлелдер алдық деп санаймыз.

### Корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауапты басшылық пен тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕС-қа сәйкес қаржылық есептіліктің дұрыс жасалып, берілуіне және басшылық тиянақсыз іс-әрекеттер немесе қателіктер салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаушылықтар жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық үздіксіз қызметті жалғастыруға Схема мүмкіншілігін бағалауға, үздіксіз қызметке жатқызылған мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуына және басшылық Схеманы жоюға ниет білдірген, оның қызметін тоқтатқан немесе басшылықтың Схема қызметін жоюға немесе тоқтатуға себебі жоқ болған жағдайларды қоспағанда, үздіксіз қызмет туралы жорамал негізінде есептіліктің жасалуына жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлға Схеманың қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты.

## **Қаржылық есептілік аудитіне аудитор жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз - қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттердің не қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар қамтылмайтындығына орнықты сенімге ие болу және біздің пікірімізді қамтыған аудитор есебін беру. Орнықты сенімге ие болу – бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, бірақ ол ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайды дегенге кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттердің не қателердің нәтижесі болуы мүмкін және жеке немесе жиынтығында олар қаржылық есептіліктің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне ықпал етуі мүмкін дегенге негізделген болса елеулі болып саналады.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдаулар қолданамыз және аудит жүргізген уақыт ішінде кәсіби күмәншілдікті ұстанамыз. Бұдан басқа, біз:

- жосықсыз әрекеттер не қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалаушылық тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықты анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен жоғары, себебі жосықсыз әрекеттерге келісу, алдау, қасақана өткізу, ақпаратты жалған беру немесе әрекет ететін ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекет ету кіреді;
- жағдайларға сәйкесетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау түсініктерін аламыз, бірақ Схеманың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есептік саясаттың тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық даярлаған ақпараттың тиісті жария болуын бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты бірқатар белгісіздіктердің бар екені туралы тұжырым жасаймыз, оның нәтижесінде Схеманың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән келтірілуі мүмкін. Егер біз бірқатар белгісіздіктер бар деген қорытынды жасасақ, онда біз өз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісінше ашылуына назар аудартуға немесе ақпарат тиісінше ашылмаған жағдайда пікірді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытынды жасалатын күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, келешектегі оқиғалар мен жағдайлар Схеманың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетінен айыруға әкеп соғуы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы берілуін, оның құрылымы мен мазмұнын, сонымен қатар ақпараттың ашылуын, сондай-ақ есептіліктің негізін құрайтын операциялар мен оқиғаларды көрсетудегі дәйектіліктің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл іші  
Пайда мен Шығындар Туралы Есеп  
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кіріс	5, 20	512,774,794	549,547,099
Дивидендік кіріс	6, 20	6,046,673	4,110,640
Қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)	7	52,297,879	(833,526)
Шетелдік валютамен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)	8	24,781,838	(20,495,803)
Қаржы активтерінің құнсыздануынан шығын	11, 14,		
Басқа кіріс	15	(3,997,100)	(2,122,071)
		5,430,943	792,649
<b>Кірістің барлығы</b>		<b>597,335,027</b>	<b>530,998,988</b>
Комиссиялық шығыстар	9, 20	(46,779,334)	(58,563,783)
<b>Жыл ішіндегі таза пайда</b>		<b>550,555,693</b>	<b>472,435,205</b>

Басшылық атынан:

Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна  
Басқарма Төрайымы

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

Тулегенова Жанара Корганбековна  
Басқарушы директор

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша  
Таза Зейнетақы Активтері Туралы Есеп  
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	10, 20	30,390,232	161,357,628
Банктердегі салымдар	11	603,229,095	399,912,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	12, 20	1,607,291,926	533,545,890
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	13	11,023,599	-
Амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржы құралдары	14, 20	5,503,777,387	5,578,659,027
Басқа активтер	15	28,619,925	16,182,400
<b>Активтер жиыны</b>		<b>7,784,332,164</b>	<b>6,689,657,560</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	20	1,831,433	2,912,727
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары		772,568	690,409
Зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешек		984,537	758,859
Басқа міндеттемелер		5,687	30,725
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>3,594,225</b>	<b>4,392,720</b>
<b>Таза зейнетақы активтері</b>		<b>7,780,737,939</b>	<b>6,685,264,840</b>

Басшылық атынан

Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна  
Басқарма Төрайымы

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы



Тулегенова Жанара Корганбековна  
Басқарушы директор

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Ақша Қаражаты Қозғалысы Туралы Есеп  
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер	1,095,473,099	857,030,409
<i>Түзетулер:</i>		
Пайыздық кіріс	(512,774,794)	(549,547,099)
Дивидендік кіріс	(6,046,673)	(4,110,640)
Қаржы активтерімен жасалған операциялардан таза (пайда)/шығын	(52,297,879)	833,526
Шетел валютасымен жасалған операциялардан таза (пайда)/шығын	(24,781,838)	20,495,803
Қаржы активтерінің құнсыздануынан шығын	3,997,100	2,122,071
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер</b>		
Басқа активтердің ұлғаюы	(5,385,015)	(957,210)
Комиссия бойынша кредиторлық берешектің азаюы	(1,081,294)	(3,435,481)
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптарының ұлғаюы	84,929	686,799
Зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюы	225,678	758,859
Басқа міндеттемелердің (азаюы)/ұлғаюы	(25,038)	159,734
<b>Операциялық қызметте қолданылған ақша қаражаты ағындары</b>	<b>497,388,275</b>	<b>324,036,771</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Алынған пайыздар	470,502,187	490,146,751
Алынған дивидендтер	5,277,519	4,110,640
Банктік салымдардан түскен түсімдер	1,536,871,261	71,073,012
Банктік салымдарды орналастыру	(1,741,158,047)	(112,800,000)
Кері «репо» мәмілелерінен түсімдер	8,103,463,200	5,770,196,379
Кері «репо» мәмілелерін сатып алу	(8,111,088,077)	(5,714,068,806)
Пайда немесе шығын арқылы көрінетін әділ құны бойынша қаржы активтерін сату және өтеу	14,002,682,555	1,372,779,896
Пайда немесе шығын арқылы көрінетін әділ құны бойынша қаржы активтерін сатып алу	(14,811,892,614)	(1,545,970,789)
Туынды қаржы құралдарынан сатып алу/(түсімдер)	(34,010)	2,622,647
Активтердің амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржылық активтерді сату және өтеу	542,693,494	6,771,769,839
Активтердің амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржылық активтерді сатып алу	(629,613,872)	(7,345,194,471)
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының жылыстауы</b>	<b>(632,296,404)</b>	<b>(235,334,902)</b>
<b>Қаржылық қызметтегі ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының және оның баламаларының таза (ұлғаюы)/кемуі</b>	<b>(134,908,129)</b>	<b>88,701,869</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	161,357,628	79,482,862
Валюта бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты және оның баламаларының шамасына ықпал етуі	3,940,733	(6,827,103)
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары (10-ескертпе)</b>	<b>30,390,232</b>	<b>161,357,628</b>

2016 және 2017 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл ішінде Схема алған пайыздар сомасы 475,779,706 мың теңге және тиісінше 494,257,391 мың теңге құрады.

Басшылық атынан:

Наурызбаева Нурбүби Серекхажиевна  
Басқарма Төрайымы

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

Тулегенова Жанара Корганбековна  
Басқарушы директор

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Таза Зейнетақы Активтеріндегі Өзгерістер Туралы Есеп  
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескертпе	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бір жылғы таза пайда		550,555,693	472,435,205
Салымшылар жарналары	16	756,035,276	554,285,497
Зейнетақы жинақтарының төлемдері	17	(211,117,870)	(169,690,293)
<b>Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер</b>		<b>1,095,473,099</b>	<b>857,030,409</b>
Жыл басындағы таза зейнетақы активтері		6,685,264,840	5,828,234,431
<b>Жыл соңындағы таза зейнетақы активтері</b>		<b>7,780,737,939</b>	<b>6,685,264,840</b>

Басшылық атынан:

Наурызбаева Нурбуби Серекхажиевна  
Басқарма Төрайымы

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

Тулегенова Жанара Қорғанбековна  
Басқарушы директор

26 наурыз 2018 жыл  
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### 1. Ұйым

Бұл қаржылық есептілік «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») басқаратын зейнетақы схемасының (бұдан әрі – «Схема») активтерін көрсетеді, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасымен реттеледі. Схема зейнетақы жарналары шоғырланатын белгіленген мөлшердегі жарналарымен зейнетақы схемасын және зейнетақы төлемдері қайдан жасалатынын білдіреді.

2013 жылғы 21 маусымда «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң») жаңа редакциясы қабылданды. Аталған заңға сәйкес барлық міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартумен Қор айналысуы тиіс.

Қор – коммерциялық емес ұйым. Қордың жалғыз акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 26 тамызда ҚРҰБ-пен жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартына сәйкес зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ жүзеге асырады.

ҚРҰБ зейнетақы активтеріне қатысты сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы №86 қаулысымен бекітілген Инвестициялық декларацияға және ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 165 қаулысымен бекітілген енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырады. Инвестициялық декларация Қазақстан Республикасы Президенті басқаратын Ұлттық Қорды басқару бойынша кеңестің ұсыныстарын ескере отырып инвестициялық нысандар тізімін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызмет бойынша мақсат, стратегиялар және шектеулерді, зейнетақы активтерін хеджирлеу және түрлендіру талаптарын регламенттейді.

Міндетті зейнетақы жарналарын жұмыс беруші қызметкердің пайдасына заңнамада белгіленген шама аясында қызметкердің еңбекақысынан 10 % мөлшерінде салады. Жеке және заңды тұлғалар да қосымша ерікті жарналар сала алады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жұмыс беруші еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлердің пайдасына өзінің меншікті қаражаты есебінен қызметкердің ай сайынғы табысынан 5 % мөлшерінде салады.

Қазақстанның зейнетақымен қамсыздандыруы ортақ құрамдауыштан, міндетті жинақтаушы және ерікті жинақтаушы құрамдауыштардан тұратын көпдеңгейлі жүйені білдіреді. Ортақ құрамдауышқа мемлекет кепілдік береді және оны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – «МК») есептеп, төлейді. Құнсыздануға қарай түзетілген зейнетақының міндетті жинақтаушы құрамдауышына да мемлекет кепілдік береді. Осылайша, Схемадан зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған сәтте зейнетақы жинақтарының сомасы құнсыздану деңгейіне түзетумен барлық зейнетақы жинақтарынан аз болса, мемлекет айырмашылықтың орнын толтыруға кепілдік береді.

Әрбір салымшының жеке зейнетақы шоты бар, онда салымшының түсетін зейнетақы жарналарының сомасы және ұсталатын комиссиялық сыйақы шегерілген зейнетақы активтерін басқарудан түсіп, бөлінетін инвестициялық табыс есепке алынады. Есептелетін инвестициялық табыс пен ұсталатын комиссиялық сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес анықталады. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген жағдайлар орын алған кезде салымшының зейнетақы төлемдерін өзінің жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы шегінде, бірақ зейнетақы заңнамасында анықталған жыл сайынғы шектен асырмай алуға құқығы бар.

# **«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы**

## **Зейнетақы Схемасының Активтері**

### **2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)**

---

Салымшы зейнет жасына толғанда, Схемадан зейнетақы жинақтарының төлемі сәйкесті жылға зейнетақы заңнамасымен анықталатын төлемнің жыл сайынғы сомасының ең төменгі шегінде кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Салымшы қайтыс болған жағдайда немесе салымшы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары тұрақты тұруға кеткен кезде салымшының (қайтыс болған жағдайда, мұрагердің) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын алуға құқығы бар.

Салымшы зейнетақы заңнамасына сәйкес зейнет жасына толған кезде және жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары жеткілікті болса, ол өз қалауына орай зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру ұйымына аудара алады немесе Схемадан зейнетақы жинақтарын ала алады.

## **2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары**

### **Дайындық негіздері**

Бұл қаржылық есептілік Схеманың өз қызметін болашақта жалғастыратын болады деген жорамалға қарай дайындалды.

### **Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік ҚЕС-ке сәйкес дайындалды. ҚЕС Схеманың қаржылық есептілігін есепке алуға және дайындауға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді және Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (бұдан әрі – «ХҚЕС») ҚЕС реттемейтін мәселелер үшін қолданылатынын көздейді. Атап айтқанда, ҚЕС зейнетақы активтерін бухгалтерлік есепке алу, қаржы құралдарын бастапқы тану мен кейіннен есепке алу, қайта топтастыру мен қаржы активтерін тануды тоқтату, амортизацияланған құны бойынша есептелетін қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша нормаларды белгілейді және негіздейді, сонымен қатар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдарының әділ құнын белгілейді.

Осы қаржылық есептілік егер басқасы көрсетілмеген болса, қазақстандық мың теңгеде (бұдан әрі – «мың теңге») берілді.

Осы қаржылық есептілік төменде түсініктеме берілетін, әрбір есепті күнге амортизацияланған немесе әділ құн бойынша есептелетін қаржы құралдарын қоспағанда, қаржылық құралдарды есепке қою құны немесе сатып алу құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

### **Функционалдық валюта**

Схеманың қаржылық есептілігіне енгізілген баптар Схеманың жұмыс істейтін («функционалдық валюта») бастапқы экономикалық орта валютасында өлшенеді.

Схеманың осы қаржылық есептілігіндегі валюта – қазақстандық теңге («теңге»). Барлық мәндер, егер басқа көрсетілмеген болса, бүтін мың теңгеге дөңгелектенген.

Есептік саясаттың бұдан әрі сипатталған ережелері Схеманың осы қаржылық есептілігінде берілген барлық есепті кезеңдерде жүйелі қолданылды.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### Шетелдік валютадағы операциялар

Шетелдік валютадағы операциялар Схеманың қолданыстағы валютасына операцияларды жасау күні қолданылған айырбастау бағамдары бойынша аударылады. Есепті күнгі жағдай бойынша шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған айырбастау бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша активтерімен және міндеттемелермен жасалған операциялардан түскен пайда немесе шығын кезең басындағы жағдай бойынша қолданыстағы валютадағы тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздардың шамасына түзетілген амортизациялық құн және кезең ішіндегі төлемдер мен есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша айырбастау бағамы мен қолданыстағы валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизациялық құн арасындағы айырманы білдіреді. Шетелдік валютамен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күнгі қолданылған айырбастау бағамдары бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютада көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын анықтау күніне қолданылған валюта бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютада көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасау күнгі қолданылған айырбастау бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютаға ауыстыру нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Схема қаржылық есептілік дайындау кезінде пайдаланған айырбастау бағамдары мынадай:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	332.33	333.29
1 Ресей рублі	5.77	5.43

### Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты және оның баламаларына ҚРҰБ-дағы ақша қаражаты кіреді.

### Қаржы құралдары

#### Жіктеу

ҚЕС-ке сәйкес Схеманың қаржы активтері мынадай:

- 1) амортизациялық құн бойынша бағаланатын;
- 2) әділ құны бойынша бағаланатын санаттар бойынша жіктеледі.

Қордың қаржы активтерін ҚЕС-пен көзделген екі санаттардың біріне жатқызу 2014 жылғы 26 ақпандағы № 24 ҚРҰБ Басқармасының қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтерін есепке алу және бағалау қағидасына» (бұдан әрі – «Бағалау қағидасы») сәйкес жүзеге асырылады. Салымдар мен дебиторлық берешек және өтелуінің тіркелген құны бар және жоспар міндеттемелеріне сәйкестендіру үшін сатып алынған бағалы қағаздар «амортизацияланған құн бойынша бағаланатын» санатқа жіктеледі.

Аталған санаттар арасында қаржы активтерін қайта жіктеу кез келген уақытта жүзеге асырылады.

ҚЕС-ке сәйкес амортизациялық құны бойынша есептелінетін қаржы активтері тікелей осы санаттан сатылуы мүмкін.

# **«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы**

## **Зейнетақы Схемасының Активтері**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### **Тану**

Қаржы активтері мен міндеттемелері таза зейнетақы активтері туралы есепте Схема көрсетілген қаржы құралдары мәні болып табылатын шарттық қатынасқа түскен кезде көрсетіледі. Қаржы активтерін стандарт сатып алудың барлық жағдайлары мәміле жүзеге асырылған күндегі қаржы есептілігінде көрсетіледі.

### **Бағалау**

Қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе міндеттемесінің өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілген жағдайда, қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығындар қосылады.

Активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы активтері бастапқы танылғаннан кейін:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын салымдар мен дебиторлық берешекті; және
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да болмасын шығынды шегермстен олардың әділ құны бойынша бағаланады.

«Салымдар мен дебиторлық берешек» санаты «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39-ХҚЕС бойынша «заемдар мен дебиторлық берешек» санатына балама.

Өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермегенде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

### **Амортизацияланған құн**

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, айқындалған бастапқы тану құны мен өтеу кезіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасына түзетілген берешектің негізі сомасының төлемдерін шегере отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, қаржы активін немесе міндеттемесін бастапқы тану кезінде бағалаған құнды білдіреді. Сыйлықақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және аталған құралдың тиімді сыйақы мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

### **Әділ құн бойынша бағалаудың қағидаты**

Әділ құн активті сатқан кезде алынуы немесе көрсетілген күні негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда, Схема кіре алатын анағұрлым пайдалырақ нарықта бағалау күні нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операциялар жағдайында міндеттемелерді берген кезде төленуі мүмкін бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Бұдан былайғы бағалауда өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны Бағалау қағидасына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Бағалау қағидасы амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын анықтау үшін қолданылады.

# **«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы**

## **Зейнетақы Схемасының Активтері**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

Қазақстан Республикасының резиденттері-ұйымдардың өтімділіктің бірінші топтағы жай және артықшылықты акцияларын бағалау сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының және бейрезиденттері-ұйымдарының депозитарлық қолхаттарын бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында да, халықаралық (шетелдік) нарықтарда да айналыста болатын (саудаланатын), «әділ құны бойынша бағаланатындар» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын жүзеге асырылады.

Өтімді болып танылмайтын Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының акцияларын (депозитарлық қолхаттарын), Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналыста болатын (саудаланатын), оның ішінде Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінде немесе Қазақстан қор биржасында баға белгілеу туралы ақпарат жоқ борыштық бағалы қағаздарды, құрылымдық ноттарды бағалау «Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес жылына бір реттен кем емес бағалаушымен жүргізіледі.

### ***Кейіннен бағалау кезінде туындайтын пайда және шығын***

Әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жіктелетін қаржы құралы бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есепте көрсетіледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша пайда немесе шығын қаржы активін немесе міндеттемені тану немесе олардың құнсыздануы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе шығын есебінде көрсетіледі.

### ***Тануды тоқтату***

Схема қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағынына шартта көзделген құқықтан айырылған сәтте не ол қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайдалар іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Схема осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтарлықтай бөлігін өткізбеген және сол сияқты сақтамаған, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамаған кезде жоғалтады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, өткізілетін қаржы активтеріндегі Схема құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі қаржы жағдайы жөніндегі есебінде бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Схема қаржылық міндеттемелерді тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

Схема әділ құн құнсыздану немесе баға кесу нәтижесінде бағалы қағаз құны нөлге тең деп таныған күннен бастап 180 күн өткен соң активтерді есептен шығарады.

### ***Кері «репо» мәмілесі***

Кері сату (кері «репо» мәмілесі) міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған бағалы қағаздар «Кері репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» бабында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және «кері репо» мәмілесі қолданылатын кезең үшін есептеледі.

# **«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы**

## **Зейнетақы Схемасының Активтері**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### ***Туынды қаржы құралдары***

Туынды құралдар «своп» мәмілелерін, форвад келісім шарттарын және фьючерс мәмілелерін, «спот» мәмілелерін және пайыздық мөлшерлемелерге опциондарды, шетелдік валютаны, бағалы металдар мен бағалы қағаздарды, сондай-ақ жоғарыда аталған құралдардың кез келген комбинациясын қамтиды.

Туынды құралдар бастапқыда мәміле жасалған күндегі әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен әділ құны бойынша қайта бағаланады. Барлық туынды құралдар әділ құны оң болса, активтер ретінде көрсетіледі, егер әділ құны теріс болса, міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі дереу пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдары басқа шарттық келісімге («негізгі шарт») кіргізілуі мүмкін. Кіргізілген туынды қаржы құралдары негізгі шарттан бөлінеді және егер кіргізілген туынды құралдың экономикалық сипаттамасы мен тәуекелдері негізгі шарттың экономикалық сипаттамасы мен тәуекелдеріне тығыз байланысты болмаса, егер жағдайы кіргізілген туынды құрал сияқты жеке құрал туынды құрал анықтамасына сәйкес болса және егер бұл аралас құрал өзгерісі кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін және пайда немесе шығын құрамында танылатын әділ құн бойынша бағаланбайтын болса ғана дербес туынды қаржы құралдары ретінде есепке алынады. Қаржы активтеріне немесе қаржы міндеттемелеріне кіргізілген, өзгерісі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін туынды қаржы құралдары негізгі шарттан бөлінбейді.

### ***Активтерді және міндеттемелерді өзара есепке алу***

Қаржы активтері мен міндеттемелер өзара есепке алынады және егер танылған сомаларды есептеу үшін заңды негіздер болса және тараптар есептесуді нетто-негізде жасауға немесе бір уақытта активті іске асыруға және міндеттемені орындауға ниеттенсе, таза сома таза зейнетақы активтері туралы есепте көрсетіледі.

### ***Құнсыздану***

Схема әрбір есепті кезең соңында қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті айғақтарының болуын бағалайды. Мұндай айғақтар болған жағдайда, Схема құнсызданудан болған кез келген шығын көлемін бағалайды.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті айғақтары міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе заемшы жол берген төлемдер мерзімін кешіктіруді, заемшының банкрот болуы немесе таратылуын қамтуы мүмкін.

Схеманың қаржы активтерінің құнсыздануына тестіні 2015 жылғы 13 шілдедегі Қор зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарын бағалау бойынша ҚРҰБ Комитеті хаттамасымен бекітілген Зейнетақы активтерінің құнсыздану әдістемесіне (бұдан әрі – «Әдістеме») сәйкес жүргізеді. Әдістемеге сай құнсыздануға тест мынадай негізгі белгілер негізінде жүргізіледі:

- кепілдіктердің немесе кепілдемелердің болуы;
- кепілдік қамтамасыз етудің болуы;
- эмитенттің өзінің қаржылық жағдайын жақсарту және (немесе) міндеттемелерді орындау үшін қолданатын шаралары: міндеттемелерді ішінара орындау, жарғылық капиталды қосымша капиталдандыру, халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтинг беруі/көтеруі, борыштық жүктемені қайта құрылымдау және оңтайландыру рәсімдерін бастау немесе басқа ерекше шаралар.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

---

Бағалы қағаздардың түріне (борыштық немесе үлестік), құнсызданудың ерекше индикаторларына және жоғарыда аталған белгілердің біреуінің болуына қарай құнсыздану резерві 0-ден 100%-ға дейінгі мөлшерде танылады.

Барлық құнсыздану шығыны пайда және шығын туралы есепте танылады.

#### **Салық салу**

Схемадан пайдаға салынатын салық алынбайды.

#### **Кіріс пен шығысты тану**

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте танылады. Пайыздық кіріс 180 күннен астам бұрын дефолт жасаған эмитенттің бағалы қағаздары бойынша танылмайды.

Кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша есептелген дисконт пен сыйлықақы пайда құрамында пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалған операциялардан болған шығын шегеріле отырып танылады.

Дивидендтер нысанындағы кіріс дивидендтер жарияланған күнге пайда және шығын туралы есепте көрсетіледі.

#### **Комиссиялық шығыстар**

Комиссиялық шығыстар қызметтерді көрсету кезеңі ішінде есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Комиссиялық шығыстарды есептеу тәртібі 9-ескертпеде барынша нақты көрсетілген.

#### **Салымшылардың жарналары, зейнетақы аударымдары және зейнетақы жинақтарының төлемдері**

Зейнетақы жарналары Схеманың кастодиан шотына түскен кезде есепке алынады. Зейнетақы жинақтарының төлемдері салымшының талабы бойынша зейнетақы заңнамасына сәйкес Схемада зейнетақы жинақтарының төлемі немесе аударымы бойынша міндеттемесі туындаған кезінде көрсетіледі.

### **3. Елеулі жіберіп алулар мен бағалаудағы белгісіздік көздері**

Схеманың есептік саясатын қолдану үдерісінде басшылық басқа негіздерде айқын болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты болжамдар, бағалаулар және жіберіп алулар жасауы қажет. Бағалау мәндері мен олардың негізінде жатқан жіберіп алулар нақты жағдайларда орынды деп саналатын алған тәжірибе мен басқа факторларға байланысты құрылады. Нақты нәтижелер берілген бағалаулардан бөлек болуы мүмкін.

Бағалаулар мен олармен байланысты жіберіп алулар жүйелі түрде қайта қаралады. Бағалаудағы өзгерістер баға қайта қаралған кезеңде көрінеді, егер өзгеріс тек осы кезеңге ықпал етсе, не бағалау қайта қаралған кезеңге, және өзгеріс ағымдағы, сондай-ақ келешек кезеңдерге әсер ететін болашақ кезеңдерге әсер еткен болса.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### 4. Жаңа және қайта қаралған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

#### 4.1 Қаржылық есептілікке ықпал ететін стандарттар

Төменде санамаланған жаңа және қайта қаралған стандарттар және түсіндірулер алғаш рет ағымдағы кезеңде қолданылды және осы қаржылық есептілікте берілген қаржы көрсеткіштеріне ықпал етті.

#### «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» 7-ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Схема алғаш рет бұл түзетулерді ағымдағы кезеңде қолданды. Түзетулер ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сондай-ақ ақшалай емес өзгерістерді қоса алғанда қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қаржы қызметінің нәтижесіндегі жағдайлардың өзгерісін бағалауға көмек беретін ақпаратты ашуға қатысты талаптарды енгізеді.

Бұл түзетулерді қолдану Схеманың есептілігіне ықпал етпеді, себебі 2016 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға қаржы қызметінің нәтижесінде міндеттемелер болған жоқ.

#### 4.2 Жаңа және шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қайта қаралған ХҚЕС

Схема келесідей жаңа және шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»<sup>1</sup>;
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасында операциялар және алдын ала өтеу ақысы»<sup>1</sup>;

<sup>1</sup> Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады.

#### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары».**

2009 жылдың қараша айында шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін (ҚА) бағалау мен топтастыруға жаңа талаптарды енгізеді. 2010 жылдың қазан айында стандартқа қаржы міндеттемелерін (ҚМ) бағалау мен топтастыруға және оларды тануды тоқтатуға жаңа талаптарды енгізген түзетулер енгізілді. 2013 жылдың қараша айында стандарт хеджирлеуді есепке алу бойынша жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңғыртылған нұсқасы 2014 жылдың шілде айында шығарылды. Негізгі өзгерістер а) қаржы активтерінің құнсыздануына талаптарға; б) жай борыштық құралдардың белгілі типі үшін «Басқа да жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржы активтерінің жаңа санатын қосуды көздейтін бағалау мен жіктеуге қатысты түзетулерге байланысты жасалды.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

ХҚЕС (IFRS) 9 негізгі талаптары:

- **Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау.** ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылатын саладағы танылған барлық ҚА бастапқы танудан кейін не амортизациялық құн бойынша, не әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Атап айтқанда, шартта көзделген негізгі сома мен ол бойынша пайыздар ғана қосылатын ақша ағындарын алуға бағытталған бизнес-үлгілер аясында ұсталатын борыштық құралдар, әдетте, амортизациялық құн бойынша бағаланады. Мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алумен де, қаржылық активтерін сатумен де қол жеткізілетін бизнес-үлгілер аясында ұсталатын, сондай-ақ негізгі борыш сомасын және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды білдіретін шарттық талаптары бар борыштық құралдар, әдетте, БЖТАӘҚБ бойынша бағаланады. Барлық басқа борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Оның үстіне, ұйым ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күшін жою құқығынсыз шешім қабылдап, үлестік құралдар (саудаға арналмаған және ХҚЕС (IFRS) 3-ке сәйкес бизнесті біріктіру бойынша мәміле аясында сатып алушы таныған шартты өтем емес) құнының одан кейінгі өзгерістерін басқа жиынтық табыс құрамында дивидендтерден түскен табысты ғана пайда немесе шығында тани отырып бере алады.
- **Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалау.** Өзіндік кредит тәуекелдерінің өзгеруіне байланысты пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктелген қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі мұндай тану пайда немесе шығында есепке алу дисбалансын тудырмайтын немесе ұлғайтпайтын болса, басқа жиынтық табыста танылуы тиіс. Қаржылық міндеттемелердің өзіндік кредит тәуекелінің өзгеруіне байланысты әділ құнның өзгеруі кейіннен пайда және шығын туралы есепте қайта жіктелмейді. ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар ретінде жіктелген қаржылық міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі тұтастай пайда және шығын туралы есепте танылған.
- **Құнсыздану.** Қаржылық активтер құнсыздануын анықтаған кезде ХҚЕС (IFRS) 9 күтілетін кредит шығындарының үлгісін ХҚЕС (IAS) 39-да көзделген жұмсалған шығын үлгісінің орнына қолдануды талап етеді. Күтілетін кредит шығындарының үлгісі өзгерістерді қаржылық активтер танылған күннен бастап кредит тәуекелі деңгейінде көрсету үшін болжалды кредит шығындарын және олардың әрбір есепті күндегі өзгерістерін есепке алуды талап етеді. Басқаша айтқанда, енді құнсыздануды тану үшін жоғары кредит тәуекелін растайтын оқиғаларды күтудің қажеті жоқ.
- **Хеджирлеуді есепке алу.** Хеджирлеуді есепке алудың жаңа қағидасы ХҚЕС (IAS 39) белгілеген хеджирлеу қатынастарының үш типін сақтап қалады. ХҚЕС (IFRS 9) түрлі транзакцияларға хеджирлеуді есепке алуды қолдану мүмкіндігі бөлігінде анағұрлым жұмсақ қағидаларды қамтиды, хеджирлеу құралдары болып танылуы мүмкін қаржылық құралдар тізімі, сондай-ақ хеджирлеуді есепке алуды қолдануға болатын қаржылық емес баптар тәуекелдерінің компоненттері типтерінің тізімі кеңейтілді. Оның үстіне, тиімділік тестінің тұжырымдамасы экономикалық қарым-қатынастың болу ұстанымына ауыстырылды. Хеджирлеуді есепке алу тиімділігін ретроспективтік бағалаудың енді керегі жоқ. Тәуекелдерді басқару туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар елеулі түрде кеңейтілді.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

---

Қор зейнетақы активтерін ҚЕС-ке сәйкес есепке алады. ҚЕС мақсаты – бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің ерекшеліктерін анықтау және Схеманың қаржылық есептілігінде ашылуға жататын зейнетақы активтері бойынша ақпаратты беру.

ҚЕС-пен реттелмеген мәселелер «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңымен реттеледі.

Схема стандартты мерзімнен бұрын қолдануды жоспарламайды, ықтимал ықпал етуді бағалау қайта қаралуы мүмкін.

#### ***ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасында операциялар және алдын ала өтеу ақысы» түзетулері***

ХҚЕТК-нің түсіндіруі бойынша, ұйым алдын ала өтеу ақысын шетел валютасында төлеген немесе алған жағдайда, оған қатысты активті, шығысты немесе табысты бастапқы тану кезінде пайдалану қажет айырбастау бағамын анықтау үшін операция күні өтеуді алдын ала төлеген күн (яғни алдын ала төлемді немесе алдын ала төленген табысқа қатысты міндеттемелерді бастапқы тану күні) деп түсіндіреді.

Түсіндірме алдын ала төлемнің түсуі немесе төлем нәтижесінде ақшалай емес активті немесе міндеттемені тану күні операция күні болып табылатындығын түсіндіреді. Егер ұйым бірнеше алдын ала төлемдерді жасаса немесе алса, онда операция күні жеке әр төлем үшін немесе алдын ала төлемнің түсіміне белгіленеді.

ХҚЕТК 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдерге немесе осы күннен кейін қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат берілген. Ұйымдар ХҚЕТК-ні ретроспективті немесе перспективті түрде қолдана алады. Өту бойынша арнайы талаптар перспективті қолдануда қолданылады.

Басшылық осы ХҚЕТК-ні қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізеді деп күтпейді, себебі ол ХҚЕТК (IFRIC) 22 талаптарына ұқсас есепті пайдаланады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### 5. Пайыздық кіріс

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Пайыздық кіріс:</b>		
<b>Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері:</b>		
- құнсызданбаған қаржы активтері	459,413,243	535,886,921
- құнсызданған қаржы активтері	204,969	336,782
Әділ құны бойынша қаржы активтері	53,156,582	13,323,396
<b>Пайыздық кіріс жиыны</b>	<b>512,774,794</b>	<b>549,547,099</b>
<b>Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері:</b>		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	415,817,272	493,087,924
Банктердегі салымдар	40,402,218	38,329,128
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	3,398,722	4,806,651
<b>Амортизацияланған құн бойынша көрінетін қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс жиыны</b>	<b>459,618,212</b>	<b>536,223,703</b>
<b>Әділ құны бойынша қаржы активтері:</b>		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	53,156,582	13,323,396
<b>Әділ құны бойынша қаржы активтерінің пайыздық кіріс жиыны</b>	<b>53,156,582</b>	<b>13,323,396</b>
<b>Пайыздар есептелетін қаржы активтерінің құнсыздануынан шығынға дейін таза пайыздық кіріс</b>	<b>512,774,794</b>	<b>549,547,099</b>

### 6. Дивидендтік кіріс

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Акциялар:</b>		
«КазТрансОйл» АҚ жай акциялары	1,630,844	1,399,369
Қазақстан Республикасының басқа эмитенттері	1,517,039	595,689
Басқа шетелдік эмитенттер	1,012,658	338,819
«KEGOC» АҚ жай акциялары	736,749	240,000
«Kcell» АҚ депозитарлық қолхаттары	464,150	948,181
«Цеснабанк» АҚ артықшылықты акциялары	404,118	202,059
«Қазақтелеком» АҚ жай акциялары	148,514	121,776
«Kcell» АҚ жай акциялары	132,601	264,747
<b>Дивиденд кірістің жиыны</b>	<b>6,046,673</b>	<b>4,110,640</b>

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### 7. Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)	49,247,180	(2,657,906)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда	3,050,699	1,824,380
<b>Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын) жиыны</b>	<b>52,297,879</b>	<b>(833,526)</b>

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын):		
Әділ құнының өзгерісі, нетто	49,281,190	(5,280,553)
Сауда операциялары, нетто	(34,010)	2,622,647
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын) жиыны</b>	<b>49,247,180</b>	<b>(2,657,906)</b>

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда:		
Сауда операциялары, нетто	3,050,699	1,824,380
<b>Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда жиыны</b>	<b>3,050,699</b>	<b>1,824,380</b>

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза іске асырылмаған пайда негізінен «Қазақстан халық Банкі» АҚ жай акциялары, «ҚазМұнайгаз барлау өңдеу» АҚ депозитарлық қолхаттары және «Kcell» АҚ депозитарлық қолхаттары бойынша 46,245,481 мың теңге мөлшерінде кіріске жатады.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза іске асырылмаған шығын негізінен «Астана-Финанс» АҚ және «Халықаралық Әзірбайжан Банкі» АҚ облигациялары бойынша 16,153,570 мың теңге мөлшерінде шығынға жатады.

### 8. Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын)

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бағамдық айырмашылық, нетто	24,781,838	(20,495,803)
<b>Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын) жиыны</b>	<b>24,781,838</b>	<b>(20,495,803)</b>

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### 9. Комиссиялық шығыстар

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Инвестициялық кіріс бойынша комиссиялық шығыстар	28,128,788	42,474,846
Зейнетақы активтері бойынша комиссиялық шығыстар	18,650,546	16,088,937
<b>Комиссиялық кіріс жиыны</b>	<b>46,779,334</b>	<b>58,563,783</b>

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес Қор таза инвестициялық кіріс сомасынан 7.5 % аспайтын және зейнетақы активтерінің жалпы сомасынан 0.025% мөлшерінде өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы.

2017 жылы Схема инвестициялық кіріс сомасынан жылына 5.25% мөлшерінде (2016 жылы: жылына 5.25%) Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен комиссиялық шығыстарды есептеді. Есеп ай сайын жасалады және есептеу үшін пайдаланылатын айдың алдындағы ай үшін есептелген Зейнетақы схемасының активтерінен алынатын инвестициялық кіріс есептеледі..

2017 жылы Схема жылына зейнетақы активтерінің сомасынан айына 0.0225% мөлшерінде (2016 жылы: айына 0.0225%) комиссиялық шығыстарды есептеді. Есеп ай сайын жасалады және есептеу үшін есеп жүргізілетін және комиссиялық табыс есептелетін айдың алдыңғы айының бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтерінің құны пайдаланылады. Есепте Бағалау қағидасына сәйкес есептелген Схеманың зейнетақы активтерінен есептелген инвестициялық табыс есебінсіз зейнетақы активтерінің құны қолданылады.

Схеманың зейнетақы активтері сомасынан және 2017 жылға Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстан комиссиялық шығыстың пайыздық мөлшерлемелері ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 260 қаулысына сәйкес белгіленген.

### 10. Ақша қаражаты және оның баламалары

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ-қа ақша құралдары	30,390,232	161,357,628
<b>Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны</b>	<b>30,390,232</b>	<b>161,357,628</b>

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімі өткен және құнсызданған ақша қаражаты және оның баламалары жоқ.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### 11. Банктердегі салымдар

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
BANK OF TOKYO-MITSUBISHI, LTD., THE (LONDON BRANCH)	95,241,858	-
«Қазкоммерцбанк» АҚ	83,281,629	88,104,038
MIZUHO CORPORATE BANK, LTD. LONDON BRANCH	54,362,634	-
«Ресей Жинақбанкі ЕБ» АҚ	51,324,137	72,382,014
«Еуразиялық банк» АҚ	48,352,000	48,352,000
BANK OF MONTREAL	44,886,359	-
«Fortebank» АҚ	41,174,027	41,174,027
CREDIT AGRICOLE CIB HONGKONG BRANCH	32,959,781	-
ING BANK N.V.	24,981,371	-
SOCIETE GENERALE PARIS	24,981,371	-
«АТФ Банк» АҚ	20,535,671	33,660,233
«Kaspi Bank» АҚ	20,301,918	20,301,918
«Нұрбанк» АҚ	11,658,816	11,658,109
«Qazaq Banki» АҚ	10,006,689	10,006,125
«Tengri Bank» АҚ	7,774,933	7,774,728
«Астана Банкі» АҚ	7,356,756	8,179,410
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	6,946,087	6,945,687
«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ ЕБ	3,752,247	3,761,892
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	3,701,550	3,705,364
«ДБ Альфа-Банк» ЕБ	3,698,052	500,606
«Банк ЦентрКредит» АҚ	3,027,485	3,027,410
«Банк Kassa Nova» АҚ	1,947,731	2,775,128
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	975,993	12,701,899
«Цесна Банк» АҚ	-	2,504,000
«Bank RBK» АҚ	-	2,655,921
«Казинвестбанк» АҚ	-	2,982,032
«Delta Bank» АҚ	-	16,760,074
<b>Банктердегі салымдар жиыны</b>	<b>603,229,095</b>	<b>399,912,615</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі салымдардың құрамына 8,563,161 мың сомасына есептелген пайыздық кіріс кіреді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 16,730,627 мың теңге).

2017 жылдың 22 ақпанында есепті күннен кейін «Delta Bank» АҚ 16,760,074 мың теңге сомасына жинақталған сыйақыны қоса алғанда 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Delta Bank» АҚ-да орналастырылған Схеманың барлық депозиттері бойынша міндеттемелерді орындады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі мерзімді салымдарға 2 982,032 мың сомасына «Казинвестбанк» АҚ депозиті кіреді. Депозит бойынша пайыздар жарты жылда бір рет өтелген және келесі төлемді төлеу күні 2017 жылдың 21 сәуірге белгіленді. ҚРҰБ-тың 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 291 қаулысына сай «Казинвестбанк» АҚ-ны банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясын алып қою туралы шешімі қабылданды. ҚРҰБ-тың 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 10 өкімі негізінде және Бағалау қағидасына сәйкес әзірленген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Зейнетақы активтерінің құнсыздану әдістемесіне сәйкес Схема депозиттің барлық құнынан 50% мөлшерде есепті күннен кейін «Казинвестбанк» АҚ-дағы депозиттік шарт бойынша құнсыздануға резервтер құрды (21-ескертпе).

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

ҚРҰБ-тың 2017 жылғы 2 маусымдағы №23-4-03/343 өкімінің негізінде «Казинвестбанк» АҚ-да салым бойынша барлық бұрын құрылған резервтер қалпына келтірілді және «Казинвестбанк» АҚ-ның Схема алдындағы міндеттемелері 3,176,557 мың теңге сомасына банктік салым ашу жолымен «ДБ Альфа-Банк» ЕБ-ге берілді.

2017 жылғы 27 желтоқсанда "Bank RBK" Банкі» АҚ депозиті бойынша міндеттемелер 2,650,518 мың теңге сомасына мерзімінен бұрын өтелді.

2016 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін құнсызданудан резервтер өзгерісінің талдамасы төменде кестеде берілген:

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Жыл басындағы қалдық</b>	-	-
Резервтерді құру	1,491,016	-
Резервтерді қалпына келтіру	(1,449,613)	-
Басқа активтерге ауыстыру	(41,403)	-
<b>Жыл соңындағы қалдық</b>	-	-

## 12. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері:</b>		
Борыштық бағалы қағаздар	1,399,469,224	387,767,386
Үлестік бағалы қағаздар	207,822,702	145,778,504
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>1,607,291,926</b>	<b>533,545,890</b>

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Борыштық бағалы қағаздар</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
АҚШ қазынашылық векселдері	627,833,797	217,464,460
ҚРҰБ ноттары	591,664,797	-
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі	75,300,718	-
Ресей Федерациясының Қаржы министрлігі	21,069,363	4,107,580
<b>Мемлекеттік облигациялар жиыны</b>	<b>1,315,868,675</b>	<b>221,572,040</b>
<b>Корпоративтік облигациялар</b>		
«Forte Bank» АҚ	19,619,048	18,269,275
«Досжан Темір Жолы» АҚ	18,583,795	19,130,325
Merrill Lynch	18,580,943	16,334,651
Goldman Sachs International	6,289,274	5,964,353
«КазЭкспортАстық» АҚ	5,981,182	9,526,525
Bank of America, N.A.	4,555,433	3,515,656
«Абди» АҚ	2,545,959	2,767,732
Commerzbank AG	2,298,543	2,423,883
Societe Generale	1,665,078	1,878,815
JP Morgan	1,251,585	1,181,405
«Банк ЦентрКредит» АҚ	1,124,291	-
«Халықаралық Әзірбайжан банкі» АҚ	-	75,012,817
«Астана-Финанс» АҚ	-	6,128,785
«SAT&Company» АҚ	-	1,873,000
Басқалары	1,105,418	2,188,124
<b>Корпоративтік облигациялар жиыны</b>	<b>83,600,549</b>	<b>166,195,346</b>
<b>Борыштық бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>1,399,469,224</b>	<b>387,767,386</b>
<b>Үлестік бағалы қағаздары</b>		
«Қазақстан Халық банкі» АҚ жай акциялары	59,100,407	36,881,347
ҚазМұнайгаз барлау өңдеу АҚ депозитарлық қолхаттары	47,428,632	28,685,739
«Kcell» АҚ депозитарлық қолхаттары	14,735,302	9,476,789
«КазТрансОйл» АҚ жай акциялары	14,077,761	13,046,752
«KEGOC» АҚ жай акциялары	13,047,091	11,120,646
«Ресей жинақ банкі» АҚ жай акциялары	9,724,875	6,645,072
«Қазақтелеком» АҚ жай акциялары	7,451,969	5,231,047
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ депозитарлық қолхаттары	6,351,580	4,125,602
«Цеснабанк» АҚ жай акциялары	5,885,230	5,091,685
«Kcell» АҚ жай акциялары	3,883,302	2,570,715
«ҚазМұнайгаз барлау өңдеу АҚ» АҚ жай акциялары	3,275,512	1,965,373
«Қазақмыс корпорациясы» АҚ жай акциялары	2,989,781	1,230,950
«Газпром» АҚ депозитарлық қолхаттары	2,908,680	3,196,300
«Баян Сұлу» АҚ жай акциялары	2,496,600	963,439
PLC Rio Tinto жай акциялары	1,939,548	1,448,923
«ВТБ Банк» (Қазақстан) АҚ ЕҰ депозитарлық қолхаттары	1,455,700	1,880,083
«Цеснабанк» АҚ артықшылықты акциялары	1,266,911	1,323,017
«Forte Bank» АҚ жай акциялары	1,209,249	1,193,158
Басқалары	8,594,572	9,701,867
<b>Үлестік бағалы қағаздар жиыны</b>	<b>207,822,702</b>	<b>145,778,504</b>
<b>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>1,607,291,926</b>	<b>533,545,890</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің құрамына 2,920,213 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 5,091,870 мың теңге).

### Қайта жіктеу

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде бағалы қағаздар «амортизацияланған құн бойынша» санатынан «әділ құн бойынша» санатына қайта жіктелді.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жалпы теңгерімдік құны 89,204,407 мың теңге бағалы қағаздар «амортизацияланған құн бойынша» санатынан «әділ құн бойынша» санатына қайта жіктелді.

### 13. Кері «РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық берешек

	2017 жылғы 31 желтоқсан теңгерімдік құны мың теңгемен	2017 жылғы 31 желтоқсан әділ құн мың теңгемен	2016 жылғы 31 желтоқсан теңгерімдік құны мың теңгемен	2016 жылғы 31 желтоқсан әділ құн мың теңгемен
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары	10,023,092	10,318,143	-	-
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	1,000,507	1,045,570	-	-
<b>Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>11,023,599</b>	<b>11,363,713</b>	-	-

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек құрамына 5,599 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 0 теңге).

### 14. Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
<b>Борыштық бағалы қағаздар:</b>		
<b>Мемлекеттік облигациялар</b>		
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	2,995,970,021	2,681,347,409
Ресей Федерациясының Үкіметі	175,474,690	127,264,959
Бразилия Үкіметі	33,186,771	-
Түрік Республикасының Үкіметі	15,975,787	16,176,752
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	-	229,474,552
<b>Мемлекеттік облигациялар жиыны</b>	<b>3,220,607,269</b>	<b>3,054,263,672</b>
<b>Корпоративтік облигациялар</b>		
Қазақстан банктері	1,225,699,977	1,430,921,856
Мемлекеттің үлесі бар қазақстандық ұйымдар	791,680,305	900,165,778
Шетелдік эмитенттер	130,786,805	33,379,683
ТМД-дағы қаржы институттары мен корпорациялар	104,510,291	116,489,673
Қазақстандық корпорациялар	30,492,740	43,765,139
Құнсыздануға резерв	-	(326,774)
<b>Корпоративтік облигациялар жиыны</b>	<b>2,283,170,118</b>	<b>2,524,395,355</b>
<b>Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>5,503,777,387</b>	<b>5,578,659,027</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржы активтерінің құрамына 158,468,561 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 166,316,214 мың теңге).

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға құнсызданудан резервтер өзгеруін талдау төмендегі кестеде көрсетілген:

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Жыл басындағы қалдық</b>	<b>326,774</b>	-
Резервтерді құру	310,773	2,052,064
Резервтерді қалпына келтіру	(654,346)	-
Бағамдық айырмашылық әсері	16,799	(7,626)
Басқа активтерге көшіру	-	(1,717,664)
<b>Жыл соңындағы қалдық</b>	<b>-</b>	<b>326,774</b>

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтеріне жалпы сомасы 24,527,782 мың теңгеге «Delta Bank» АҚ корпоративтік облигациялары кіреді, ол 2017 жылдың 22 ақпанында толығымен өтелді. Samagco Minerasao SA сатумен байланысты Схема 654,346 мың теңге мөлшерінде резервтерді қалпына келтірді.

## 15. Басқа активтер

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Мерзімі өтпеген негізгі борыш сомасы және есептелген сыйақы – құнсызданбаған	21,931,019	11,321,933
Мерзімі өткен негізгі борыш сомасы және қаржы құралдары бойынша сыйақы - құнсызданған	9,259,815	6,811,773
<b>Басқа активтер жиыны</b>	<b>31,190,834</b>	<b>18,133,706</b>
Құнсыдану резерві	(2,570,909)	(1,951,306)
<b>Басқа активтер жиыны</b>	<b>28,619,925</b>	<b>16,182,400</b>

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа активтердің құрамына 4,275,569 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2016 жылғы 31 желтоқсан: 3,371,826 мың теңге).

2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсызданбаған қаржы құралдары бойынша негізгі сома мен пайыздарға қаржы құралдары бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек кіреді. Оған қатысты купондық сыйақы төлемінің мерзімі келеді, бірақ пайыздарды өтеу мерзімі бағалы қағаздар шығарылымы проспектісіне сәйкес келмейді.

2016 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін құнсыздануға арналған резервтің өзгеруін талдау төмендегі кестеде берілген:

	2017 жыл	2016 жыл
<b>Жыл басындағы қалдық</b>	<b>1,951,306</b>	<b>5,017,365</b>
Резервтерді құру	4,497,545	70,007
Резервтерді қалпына келтіру	(198,275)	-
Есептен шығару	(3,722,142)	(4,852,737)
Бағамдық айырмашылық әсері	1,072	(993)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінен көшіру	-	1,717,664
Банктердегі салымдардан көшіру	41,403	-
<b>Жыл соңындағы қалдық</b>	<b>2,570,909</b>	<b>1,951,306</b>

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

2017 жыл ішінде Схема 3,694,675 мың теңге сомасына құрылған резервтер есебінен «Имсталькон» АҚ облигациялары бойынша тануды тоқтатты.

## 16. Салымшылардың жарналары

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Міндетті зейнетақы жарналары	718,748,417	519,695,515
Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары	35,216,190	31,988,046
Міндетті зейнетақы жарналары уақтылы аударылмағаны үшін өсімпұл	1,534,149	1,244,140
Ерікті зейнетақы жарналары	424,939	275,334
Басқа түсімдер	111,581	1,082,462
<b>Салымшылардың жарналарының жиыны</b>	<b>756,035,276</b>	<b>554,285,497</b>

## 17. Зейнетақы жинақтарының төлемі

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Жасына қарай зейнетақы төлемдері	125,328,102	97,286,047
Қазақстан Республикасынан тыс кетуіне байланысты зейнетақы төлемдері	24,091,240	19,550,354
Мұрагерлерге зейнетақы төлемдері	17,149,398	15,024,838
Мүгедектігі бойынша зейнетақы төлемдері	3,672,806	2,805,759
Жерлеуге арналған зейнетақы төлемдері	2,917,039	2,918,033
Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері	73,640	137,146
Сот шешімі бойынша зейнетақы төлемдері	1,108	-
<b>Зейнеткерлерге төленген төлемдердің жиыны</b>	<b>173,233,333</b>	<b>137,722,177</b>
Сақтандыру ұйымдарына зейнетақы жинақтарын аудару	26,058,089	22,688,655
Зейнетақы жинақтары төлемі көзіне салынатын салық	11,826,448	9,279,461
<b>Зейнетақы төлемдері жиыны</b>	<b>211,117,870</b>	<b>169,690,293</b>

## 18. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару Схеманың операциялық қызметінің маңызды бөлшегі болып табылады және қызметтің негізінде болады. Баға тәуекелін, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекел, сонымен қатар кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Схеманың қызметін жүзеге асыру барысында кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты және рәсімдер

Схеманың тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Схеманың ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдердің лимиттерін және тиісті бақылауды белгілеуге бағытталған. Схеманың тәуекелдерін басқару жүйесі Инвестициялық декларация қоятын талаптарға сәйкес келеді. 2013 жылғы 26 тамыздағы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу шартының 4.1.8-тармағына сәйкес Сенімгерлік басқарушы инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару жүйесі Схеманың қалыпты қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін оқиғалардың уақтылы анықталуы, бағалануы және алдын алуға бағытталған бақылау жүйесін белгілейтін кешенді жолды пайдаланады. Қор түрлі құралдарды қолдана отырып, инвестициялық тәуекелдерді бағалау әдістерін кең пайдаланатын және талданатын басқарушылық есептілікте зейнетақы және меншікті активтер портфельдеріне пост-мониторинг жүргізеді. Есептілікті жағдайы және Қордың зейнетақы активтері мен меншікті активтері портфелінің қаржы тәуекелдеріне бейімділігі бойынша қарастыру ай сайын жүзеге асырылады.

Қордың Директорлар кеңесі Схеманың ішкі саясаты мен рәсімдерін бекітеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиісті жұмыс істеуі үшін жалпы жауапкершілікті өзіне алады. Басқарма қаржылық емес тәуекелдерді барынша азайту бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді, оның аясында операциялық тәуекелдерді өз өзін бағалау бойынша құралдар, негізгі тәуекел индикаторларына (НТК) мониторинг жүргізу әдістері пайдаланылады, олар озық көрсеткіштер болып табылады және операциялық тәуекелдердің әлеуетті көздерін, ішкі бақылау жүйесін басқару әдістері, ішкі бақылау субъектілерінің өкілеттігін бөлу, жауапкершілігін анықтауды, кейіннен үдерістің әрбір кезеңіндегі операцияларды бақылауды және жауапты тұлғалардың/басшылардың келісуінің міндетті рәсімдерінің иерархиясын/бірізділігін сақтауды және Қордағы ішкі бақылау жүйесіне үнемі мониторинг жүргізуді білдіретін ішкі бақылау жүйесін басқару әдістерін көрсетеді. Қор әрбір бөлімшенің құрамында жауапты тұлғалардың тағайындайды, олардың міндетіне бизнес үдерістерінің матрицасын әзірлеу мен үздіксіз жаңғырту, осы бизнес үдерістерге тән әлеуетті және анықталған тәуекелдерді бағалау кіреді.

Жоғарыда аталған құралдарды пайдалану нәтижесі бойынша операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің аясында Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі, ол тәуекелдердің іске асырылу себептерін жоюға, тәуекел оқиғалары мен әлеуетті тәуекелдер іске асырылған жағдайдағы салдарды барынша азайтуға бағытталған.

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл Схеманың таза зейнетақы активтерінің өзгеру тәуекелі немесе оның бағалы қағаздар портфелінің құны валюта бағамдарын, сыйақы мөлшерлемесі мен акциялар бағасын қосқандағы нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан өзгереді. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және өзіне тән өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына ұшыраған пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Пайыздық міндеттемелерге пайыздық активтердің мерзімдері бойынша сәйкессіздік шамасының мониторингі арқылы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін басқару сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі стандартты және стандартты емес сценарийлеріне таза зейнетақы активтеріндегі әр түрлі өзгерістеріне Схеманың таза пайыздық кірісінің сезімталдығы мониторингі рәсімімен толықтырылады.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### Пайыздық тәуекел

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі — бұл сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан Схеманың таза зейнетақы активтерінің немесе оның қаржы құралдары құнының өзгеру тәуекелі.

### Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру сезімталдығын талдау

2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін пайда немесе шығын арқылы кірістіліктің әділ құны бойынша қаржы активтері бойынша қисық кірістіліктің 100 базистік пунктке және позицияға бірдей төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде құралған сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруіне Схеманың таза зейнетақы активтеріндегі бір жыл ішіндегі болжамды өзгерістердің сезімталдық талдауы былай көрінуі мүмкін:

Пайда және шығынға әсері:

	2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
100 базистік тармаққа параллельді ұлғаюы	(13,872,188)	(3,962,576)
100 базистік тармаққа параллельді азаюы	4,473,362	4,316,196

### Валюталық тәуекел

Схеманың бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел әйтеуір бір шетел валютасында көрсетілген бар немесе болжалды активтер сол валютада көрсетілген бар немесе болжалды міндеттемелер шамасы бойынша аз немесе көп болған жағдайларда туындайды. Схема өзінің валюталық тәуекелге ұшырауын хеджирлемейді.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
(Қазақстандық мың теңгемен)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы валюта бөлігіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы былайша берілуі мүмкін:

	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар	Барлығы
<b>Активтер</b>				
Ақша қаражаты және оның баламалары	10,761,543	19,607,877	20,812	30,390,232
Банктердегі салымдар	325,815,721	277,413,374	-	603,229,095
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	758,278,594	811,510,149	37,503,183	1,607,291,926
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	11,023,599	-	-	11,023,599
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	4,495,092,887	1,001,431,873	7,252,627	5,503,777,387
Басқа қаржы активтері	28,245,514	374,411	-	28,619,925
<b>Қаржылық активтер жиыны</b>	<b>5,629,217,858</b>	<b>2,110,337,684</b>	<b>44,776,622</b>	<b>7,784,332,164</b>
<b>Міндеттемелер</b>				
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	1,831,433	-	-	1,831,433
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары	772,568	-	-	772,568
Басқа қаржы міндеттемелері	4,291	-	1,396	5,687
<b>Қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>2,608,292</b>	<b>-</b>	<b>1,396</b>	<b>2,609,688</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>5,626,609,566</b>	<b>2,110,337,684</b>	<b>44,775,226</b>	<b>7,781,722,476</b>

2016 жылғы 31 желтоқсандағы валюта бөлігіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы былайша берілуі мүмкін:

	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар	Жиыны
<b>Активтер</b>				
Ақша қаражаты және оның баламалары	9,611,065	144,675,222	7,071,341	161,357,628
Банктердегі салымдар	399,912,615	-	-	399,912,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	146,159,535	369,150,440	18,235,915	533,545,890
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	4,580,419,560	978,230,109	20,009,358	5,578,659,027
Басқа қаржы активтері	15,796,408	385,992	-	16,182,400
<b>Активтер жиыны</b>	<b>5,151,899,183</b>	<b>1,492,441,763</b>	<b>45,316,614</b>	<b>6,689,657,560</b>
<b>Міндеттемелер</b>				
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	2,912,727	-	-	2,912,727
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары	690,409	-	-	690,409
Басқа қаржы міндеттемелері	30,278	-	447	30,725
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>3,633,414</b>	<b>-</b>	<b>447</b>	<b>3,633,861</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>5,148,265,769</b>	<b>1,492,441,763</b>	<b>45,316,167</b>	<b>6,686,023,699</b>

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Төменде көрсетілген кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының бір АҚШ долларына және өзге валюталарға қатысты 10%-ға көтерілуі мен түсуіне Схема сезімталдығының талдауы, сондай-ақ сәйкесінше 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңге бағамының бір АҚШ долларына және өзге валюталарға қатысты 10%-ға көтерілуі мен түсуіне Схема сезімталдығының талдауы берілген. Сезімталдық деңгейі Схеманың негізгі басқарушы қызметкерлері үшін валюталық тәуекел туралы есептер жасау кезінде Схеманың ішінде қолданылады және Схема басшылығының валюта бағамдарының мүмкін өзгерістеріне берген бағаларын көрсетеді.

Пайда және шығынға әсері:

	<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</b>
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% өсуі	211,033,768
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% төмендеуі	(211,033,768)
Басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты 10% өсуі	4,477,523
Басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты 10% төмендеуі	(4,477,523)
	<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</b>
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% өсуі	149,244,176
АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты 10% төмендеуі	(149,244,176)
Басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты 10% өсуі	4,531,617
Басқа валюталар бағамының теңгеге қатысты 10% төмендеуі	(4,531,617)

### Баға тәуекелі

Баға тәуекелі – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде үлестік қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелі, мұндай өзгерістер осы нақты құралға тән факторлардан немесе нарық айналымындағы барлық құралдарға әсер ететін факторлардан болу болмауына тәуелді.

2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позиция және пайда немесе шығын құрамында әділ құны бойынша барлық үлестік бағалы қағаздар бағамының 5% өсуі немесе төмендеуінің ықшамдалған сценарийі негізінде жасалған үлестік бағалы қағаздар бағамының өзгеруі жыл бойына Схеманың таза зейнетақы активтеріндегі өзгеру сезімталдығын талдау былайша берілуі мүмкін:

Пайда және шығынға әсері:

	<b>2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</b>	<b>2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл</b>
Үлестік бағалы қағаздар бағамының 5% өсуі	10,391,135	7,288,925
Үлестік бағалы қағаздар бағамының 5% төмендеуі	(10,391,135)	(7,288,925)

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Схема контрагентінің міндеттемелерін орындамау нәтижесінде туындайтын қаржылық залалдар тәуекелі. Қор жеке қаржы құралдары бойынша лимиттерді белгілеу және сақтау бойынша талаптарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді басқару саясатын және рәсімдерін әзірледі. Қор тұрақты түрде әрбір эмитент үшін лимиттер мониторингін жүргізеді және жүйелі негізде эмитенттердің төлем қабілеттілігін бағалайды. Бағалау рәсімдері эмитенттің соңғы қаржылық есептілігін немесе эмитенттің өзі берген немесе Қордың басқа тәсілмен алған басқа ақпаратын талдауға негізделеді.

Кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі, әдетте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында таза зейнетақы активтері туралы есепте көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін айтарлықтай маңызы болмайды.

Есепті күнгі жағдай бойынша теңгерімдік кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі былайша берілуі мүмкін:

	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты және оның баламалары	30,390,232	161,357,628
Банктердегі салымдар	603,229,095	399,912,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,607,291,926	533,545,890
Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары	5,503,777,387	5,578,659,027
Басқа қаржы активтері	28,619,925	16,182,400

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың бір контрагенті бар (2016 жылғы 31 желтоқсан: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бір контрагенті), оған қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштық кредиттік тәуекелге барынша көп ұшырағыш деңгейінің 10%-нан асады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы контрагентке (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі) қатысты кредиттік тәуекелге ұшырағыштық 2,995,970,021 мың теңге болады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 2,681,347,409 мың теңге).

Қаржы активтері «Standard and Poor's» рейтингтік агенттігі немесе ретингілері «Standard and Poor's» шәкіліне айырбасталған басқа агенттіктер берген ағымдағы кредиттік рейтингтерге сәйкес бағаланады. Ең жоғары мүмкін рейтинг – «AAA».

Схема борыштық бағалы қағаздар үшін аса бағалы қағаздың рейтингін, мемлекеттік бағалы қағаздар үшін тәуелсіз рейтингтерді, сондай-ақ үлестік бағалы қағаздар мен депозиттер үшін эмитент рейтингісін ашып көрсетеді. Екі немесе одан да көп рейтинг болған жағдайда халықаралық немесе ұлттық шәкіл бойынша ең жоғары рейтинг қолданылады.

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### Зейнетақы Схемасының Активтері

#### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Төменде берілген кестеде 2016 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың меншігіндегі инвестициялардың кредиттік рейтингілері бойынша жалпы ақпарат берілген:

	AAA	AA	A	BBB+	BBB	BBB-	<BBB-	Кредиттік рейтинг берілмеген	Барлығы
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>									
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	-	-	-	30,390,232	-	-	30,390,232
Банктердегі салымдар	182,564,273	-	121,983,001	94,849,101	-	-	203,832,720	-	603,229,095
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	3,119,368	661,223,123	89,849,951	277,784	30,794,238	21,681,099	774,641,945	25,704,418	1,607,291,926
Амортизацияланған құны бойынша қаржы құралдары	2,944,492	68,798,874	137,425,797	3,362,716	557,102,087	11,243,153	4,625,852,009	97,048,259	5,503,777,387
«кері РЕПО» мәмілелері	-	-	-	-	-	11,023,599	-	-	11,023,599
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	10,994,595	-	17,625,330	28,619,925
<b>2016 жылғы 31 желтоқсан</b>									
Ақша қаражаты және оның баламалары	-	-	-	-	-	161,357,628	-	-	161,357,628
Банктердегі салымдар	-	-	-	3,761,892	-	-	396,150,723	-	399,912,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	217,464,460	13,046,752	290,680	60,834,940	16,970,442	26,035,522	139,173,386	59,729,708	533,545,890
Амортизацияланған құны бойынша қаржы құралдары	76,988,390	1,672,355	46,426,075	34,213,896	12,589,019	3,505,200,358	1,015,500,995	886,067,939	5,578,659,027
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	-	-	16,182,400	16,182,400

# **«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы**

## **Зейнетақы Схемасының Активтері**

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)**  
*(Қазақстандық мың теңгемен)*

---

### **Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл Схеманың өз міндеттемелерін орындау мақсатында ақша қаражатын тартуда қиындықтарға ұшырауы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкеспеген кезде туындайды. Қор Схеманың өтімділік тәуекелін Инвестициялық декларацияның талаптары негізінде басқарады. Міндеттемелердің түсуіне қарай оларды орындауға қажетті қаражаттың болуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында гәп-талдау құралдарын пайдалана отырып мерзімді есептілік арқылы өтімділік тәуекелін мониторингті жүзеге асырады.

Схеманың өзіне тән операциялық қызметі мен таза зейнетақы активтерінің құрылымына қарай өтімділік тәуекелі мардымсыз.

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### Зейнетақы Схемасының Активтері

#### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертмелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Төмендегі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сомалардың талдауы (күтілетін өтеу мерзімдері бөлігінде) берілген:

Активтер	Талап етілгенге дейін және кемінде 1 ай	3 айдан 12			1 жылдан 5		Өтеу мерзімі жоқ	Мерзімі өткен	Барлығы
		1 айдан 3 айға дейін	айға дейін	жылға дейін	5 жылдан артық	жылдан артық			
Ақша қаражаты және оның балалары	30,390,232	-	-	-	-	-	-	30,390,232	
Банктердегі салымдар	104,701,060	172,712,314	-	77,280,392	248,535,329	-	-	603,229,095	
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	741,972,465	201,058,753	288,391,570	49,523,092	118,523,344	207,822,702	-	1,607,291,926	
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	11,023,599	-	-	-	-	-	-	11,023,599	
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары	34,988,860	58,154,936	258,892,226	1,328,894,920	3,822,846,445	-	-	5,503,777,387	
Басқа қаржы активтері	21,931,019	-	-	-	-	-	6,688,906	28,619,925	
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>945,007,235</b>	<b>431,926,003</b>	<b>547,283,796</b>	<b>1,455,698,404</b>	<b>4,189,905,118</b>	<b>207,822,702</b>	<b>6,688,906</b>	<b>7,784,332,164</b>	
<b>Міндеттемелер</b>									
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары	-	772,568	-	-	-	-	-	772,568	
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	-	1,831,433	-	-	-	-	-	1,831,433	
Басқа қаржы міндеттемелері	-	5,687	-	-	-	-	-	5,687	
<b>Қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>-</b>	<b>2,609,688</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2,609,688</b>	
<b>Таза позиция</b>	<b>945,007,235</b>	<b>429,316,315</b>	<b>547,283,796</b>	<b>1,455,698,404</b>	<b>4,189,905,118</b>	<b>207,822,702</b>	<b>6,688,906</b>	<b>7,781,772,476</b>	

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### Зейнетақы Схемасының Активтері

#### 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы) (Қазақстандық мың теңгемен)

Төмендегі кестеде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сомалардың талдауы (күтілетін өтеу мерзімдері бөлігінде) берілген:

Активтер	Талап етілгенге дейін және кемінде 1 ай	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімі жоқ	Мерзімі өткен	Барлығы
Активтер								
Ақша қаражаты және оның баламалары	161,357,628	-	-	-	-	-	-	161,357,628
Банктердегі салымдар	3,278,667	36,686,438	-	111,412,181	248,535,329	-	-	399,912,615
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	50,525,129	166,795,736	10,328,091	37,681,140	122,437,289	145,778,505	-	533,545,890
Анортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдары	279,516,100	81,223,719	486,710,166	852,107,606	3,879,101,436	-	-	5,578,659,027
Басқа қаржы активтері	11,321,933	-	-	-	-	-	4,860,467	16,182,400
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>505,999,457</b>	<b>284,705,893</b>	<b>497,038,257</b>	<b>1,001,200,927</b>	<b>4,250,074,054</b>	<b>145,778,505</b>	<b>4,860,467</b>	<b>6,689,657,560</b>
Міндеттемелер								
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары	-	690,409	-	-	-	-	-	690,409
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	-	2,912,727	-	-	-	-	-	2,912,727
Басқа қаржы міндеттемелері	-	30,725	-	-	-	-	-	30,725
<b>Қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>-</b>	<b>3,633,861</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>3,633,861</b>
<b>Таза позиция</b>	<b>505,999,457</b>	<b>281,072,032</b>	<b>497,038,257</b>	<b>1,001,200,927</b>	<b>4,250,074,054</b>	<b>145,778,505</b>	<b>4,860,467</b>	<b>6,686,023,699</b>

Кестеде бейнеленген сомалар есепті күнгі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын көрсетеді және оларға болашақ сыйақы сомалары қосылмайды.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

---

### 19. Шартты міндеттемелер

#### Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметі нарығында сақтандыру шартын жасауда және сақтандыру жағдайларын реттеуде көрсетілетін қызметтердің сапасының едәуір көтерілуі, халыққа ерікті сақтандыру өнімдері тізбесінің кеңеюі, сақтандыру қызметтерінің тікелей сатылуының дамуы байқалады, алайда әлемнің басқа елдерінде кең таралған көптеген сақтандыру нысандары әзірге Қазақстанда болмай тұр. Бизнесің тоқтауынан орын алған Схеманың шығындарына немесе Схеманың қызметі немесе апат болуы нәтижесінде мүлікке немесе қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелердің туындауына қатысты Қордың толық сақтандыру қорғауы жоқ. Қор Схеманың қызметіне қатысты сәйкесті сақтандыру өтемін алмайынша белгілі активтердің жоғалуы немесе зақымдалуы Схеманың қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсерін тигізу тәуекелі бар.

#### Операциялық орта

Қазақстан Республикасын қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардың тәуекелдерінен басқа экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге ұшырағыш. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі де бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты көп жағдайда мемлекеттің заңдар мен нормативтік актілерді қабылдайтын салық және кредиттік-ақша саясатына, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты болады. Қазақстан Республикасы мұнай мен газды ең көп көлемде өндіріп, экспортқа шығаратын болғандықтан, Қазақстан Республикасының экономикасы мұнай мен газ бағасының әлемдік бағасының өзгеруіне ерекше сезімтал болады.

2014-2016 жылдар ішінде энергия ресурстарының бағасы айтарлықтай төмендеген, бұл экспорттық түсімнің айтарлықтай қысқаруына әкеп соқтырды. 2015 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі теңгенің құбылмалы бағамына негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатқа ауысатыны туралы хабарлап, валюта дәлізінің күшін жояды. 2015 жылы, сонымен қатар 2016 жылдың бірінші тоқсанында Теңге негізгі шетел валюталарына қатысты елеулі түрде құнсызданды.

Схема басшылығы экономикалық ахуалдың бүгінгі өзгерістерін бақылап, таяу болашақта Компанияның тұрақтылығын сақтап қалу мен бизнесін дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды. Бірақ, экономикалық ахуалдағы өзгерістердің Компания қызметінің болашақ нәтижелеріне және қаржылық жағдайына ықпалы айтарлықтай болуы мүмкін.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

## 20. Байланысқан тараптармен операциялар

### Бақылау қатынастары

Қор Схеманың қызметін басқарады, ол өз кезегінде Схеманы ҚРҰБ-ға сенімгерлікпен басқаруға берді. 2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор Қазақстан Республикасының Үкіметіне ММЖК арқылы бағынады.

### Байланысқан тараптармен операциялар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың байланысқан тараптарымен 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы операциялар бойынша пайда немесе шығын туралы есепке енгізілген сома, сондай-ақ шоттар бойынша қалдық:

	ҚРҰБ мың теңгемен	Қор мың теңгемен	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мың теңгемен	Басқа байланыс- қан тараптар мың теңгемен	Барлығы мың теңгемен
<b>Таза зейнетақы активтері туралы есеп</b>					
<b>АКТИВТЕР</b>					
Ақша қаражаты және оның баламалары	30,390,232	-	-	-	30,390,232
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	591,664,797	-	-	85,501,381	677,166,178
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	-	-	2,995,970,021	791,680,305	3,787,650,326
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>					
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	-	1,831,433	-	-	1,831,433
<b>Таза зейнетақы активтерінің өзгерістері туралы есеп</b>					
Пайыздық кіріс	1,838,692	-	184,062,410	71,065,501	256,966,603
Дивидендтік кіріс	-	-	-	3,013,757	3,013,757
Комиссиялық шығыс	-	(46,779,334)	-	-	(46,779,334)

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың байланысқан тараптарымен 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы операциялар бойынша пайда және шығын туралы есепке енгізілген сома, сондай-ақ шоттар бойынша қалдық:

	ҚРҰБ мың теңгемен	Қор мың теңгемен	Қазақстан Республи- касы Қаржы министрлігі және Алматы қаласы әкімдігі мың теңгемен	Басқа байланыс- қан тараптар мың теңгемен	Барлығы мың теңгемен
<b>Таза зейнетақы активтері туралы есеп АКТИВТЕР</b>					
Ақша қаражаты және оның баламалары	161,357,628	-	-	-	161,357,628
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	-	-	-	60,356,338	60,356,338
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	229,474,552	-	2,681,347,409	828,824,269	3,739,646,230
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>					
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	-	2,912,727	-	-	2,912,727
<b>Пайда немесе шығын туралы есеп</b>					
Пайыздық кіріс	521,088	-	245,460,855	30,349,074	276,331,017
Дивидендтік кіріс	-	-	-	1,776,755	1,776,755
Комиссиялық шығыс	-	(58,563,783)	-	-	(58,563,783)

### 21. Қаржы құралдарының әділ құны

ЖҚЕС-ке сәйкес әділ құн бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы қарапайым мәмілелер аясында активті сату кезінде алынған немесе міндеттемелерді беру кезінде төленген баға есебімен анықталады.

**Тұрақты негізде әділ құны бойынша есептелетін Схеманың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны.** Схеманың кейбір қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері әр есепті кезеңнің соңына әділ құн бойынша есептеледі. Төмендегі кестеде қаржы активтерінің әділ құнын анықтауға қатысты ақпарат келтірілген.

# «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

## Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

### Әділ құнын бағалау иерархиясы

Схема көрсетілген бағаны құру кезінде деректердің маңыздылығын ескеретін әділ құнының келесідей иерархиясын пайдалану арқылы әділ құнын бағалайды.

- 1-деңгей: ұқсас қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы (түзетілмеген) баға белгілеулер.
- 2-деңгей: жанама (яғни баға белгілеуден туындаған деректер) немесе тікелей (яғни баға белгілеулері) қолжетімді 1-деңгейге қатысты баға белгілеулерінен бөлек деректер. Бұл санатқа барлық пайдаланылатын деректері тікелей немесе жанама түрде бақыланатын шығыс деректерге негізделетін, бағалаудың белсенді немесе басқа әдістері ретінде қарастырылмайтын нарықтағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулерін, ұқсас құралдар үшін белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулерін пайдалану арқылы бағаланатын құралдар кіреді.
- 3-деңгей: қолжетімсіз деректер. Бұл санатқа бақыланатын шығыс деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалану арқылы бағаланатын құралдар кіреді, бұл ретте мұндай бақыланбайтын деректер құрал бағасына елеулі ықпал етеді. Бұл санатқа ұқсас құралдар үшін баға белгілеулері негізінде бағаланатын құралдар кіреді, оларға қатысты құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін маңызды бақыланбайтын түзетулер немесе пайымдауларды пайдалану талап етіледі. Бағалау қағидасына сәйкес бағалаушылар жүргізген бағалардың қорытындылары бойынша анықталған, сол қаржы құралдарының соңғы әділ құны бойынша белгіленеді, бағалаушылар жүргізген бағалау қорытындылары бойынша қаржы құралдарының баланстық құралы 2017 жылғы 1 шілдедегі және 2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізілген және олардың қорытындылары бойынша тиісінше 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген. Көрсетілген бағалауды ҚРҰБ жұмылдырған тәуелсіз бағалаушылар жүргізді, және қорытындыларын толығымен ҚРҰБ қабылдаған болатын және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша активтердің баланстық құнында көрсетілген.

Бұдан әрі кестеде әділ құнының иерархия деңгейінің бөлігінде 2017 жылғы 31 желтоқсан және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерінің талдамасы келтірілген.

	Әділ құны		Әділ құнының иерархиясы	Бағалау әдісі және негізгі толықтырулар
	2017 жылғы 31 желтоқсандағы	2016 жылғы 31 желтоқсандағы		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы активтері	1,512,840,953	431,643,787	1-деңгей	Белсенді нарықтағы баға белгілеулері
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес қаржы активтері	94,450,973	101,902,103	3-деңгей	Дисконтталған ақша ағындары

2016 жылғы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері зейнетақы Схемасының активтерін сенімді басқару туралы шарт құқығында ҚРҰБ жұмылдырған бағалаушылармен белгіленді.

Жылы іші 1 және 2-деңгейлер арасындағы қаржы құралдарын қайта жіктеу жүргізілген жоқ.

**Тұрақты негізде әділ құны бойынша есептелмейтін қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің әділ құны (бірақ әділ құнын міндетті ашу арқылы)**

Қор басшылығының пікірі бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген Схеманың қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны шамамен оның әділ құнына тең.

## «Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

### Зейнетақы Схемасының Активтері

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші  
Қаржылық Есептілікке Ескертпелер (Жалғасы)  
(Қазақстандық мың теңгемен)

#### 3-деңгейдегі қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі

	Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	
	2017	2016
<b>Бастапқы сальдо</b>	<b>101,902,103</b>	<b>147,342,376</b>
Пайда немесе шығын құрамында танылған пайда және шығын жиыны	(6,994,666)	(16,269,612)
Өтелді	(456,464)	(29,170,661)
<b>Жыл соңына қалдық</b>	<b>94,450,973</b>	<b>101,902,103</b>

Жыл ішінде таза пайдаға енгізілген әділ құнның өзгеруі жай және артықшылықты акцияларға, депозитарлық қолхаттарға, купондық облигацияларға және ұйымдастырылған нарықта белгіленбейтін ноттарға жатады.

## 22. Есепті күннен кейінгі жағдай

### Комиссиялық сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңының 53-бабына сәйкес ҚРҰБ Басқармасы « «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның 2018 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасын белгілеу туралы» 2017 жылғы 2 қарашадағы № 199 қаулысын шығарды. Сол қаулыға сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қор Схеманың зейнетақы активтерінің жалпы сомасынан айына 0.015% комиссиялық сыйақы алатын болады.